

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЕРІС ДІНИ АҒЫМДАР



ТАБЛИҒИ ЖАМАҒАТЫ НЕМЕСЕ ДАҒУАТШЫЛАР

Негізін қалаған Мұхаммет Ілияс әл Кандаһлауи (1885-1944) Үндістанның Кандаһла штатының Саһарнуфур деген елді мекенінде дүниеге келген.

«Таблиғшылар» немесе «дағуатшылар» жамағаты дінді уағыздаушы топ деп түсініледі.

Мақсаты - ел, қала аралап ислам дінін насихаттау.



ТАБЛИҒ ЖАМАҒАТЫНЫҢ ЖАЛПЫ ҚАТЕЛІКТЕРІ:

- ❖ Терең ілімді талап етпейді
- ❖ Аят пен хадистерді дұрыс түсінбеуі
- ❖ Өз тобындағы адамға дағуат жасауды талап етуі
- ❖ Дағуат жасауда арнайы күндермен шектелуі
- ❖ Өзінің жақындарына мән бермеуі
- ❖ Сыртқы келбеттері



«Таблиғи жамағат» халықаралық ұйымын Астана қаласының Сарыарқа аудандық соты 2013 жылдың 26 ақпан күні экстремистік топ ретінде танып, оның еліміздің аумағындағы қызмет етуіне тыйым салу туралы шешім шығарды.



Таблиғи жамағаты



СОПЫЛЫҚ АҒЫМЫ НЕМЕСЕ ЗІКІРШІЛЕР

Қазақстандағы көш басшысы Исматулла Мақсұм (Абдуғаппар). 1944 жылы Ауғанстанда туылған. Ол - қазақстандық «сопылардың» ұстазы. Оны «тақсыр немесе пір» деп атайды, «қасиетті әке» санайды, жамағаттың әрбір мүшесі құлдық ұрып, қолын сүйеді.



ҚАТЕЛІКТЕРІ



Олар шарифатта «зікір» етуді басты міндет санайды. Мысалы зікір етуді исламның бес парызынан жоғары қояды.



Ұстанымы бойынша білім алуды талап етпейді. «Егер білім алсаң, адасасың, піріңе қарсы шығасың» дейді. «Бізге пірдің ұстанған жолы соның бағыты жеткілікті» деп өздерін адастырады.



Өз топтарына адамды күштеп қабылдатады.

СОПЫЛЫҚ АҒЫМЫ НЕМЕСЕ ЗІКІРШІЛЕР

Ақырын жүріп,
анық басыңыз!

Алматы қаласының Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Исматулла Әбдіғапарды 14 жылға бас бостандығынан айыру туралы жаза кесті. «Экстремистік діни ұйым құрды» деген айыппен қамауға алынған Исматулла Әбдіғапарға қатысты сот үкімі аса қатал естілді.



«ХИЗБ-УТТАХРИР» (АЗАТТЫҚ ПАРТИЯСЫ)

Бейресми діни-саяси партия. Оның толық атауы «Хизб-ут Тахрир әл-ислами». Негізін қалаушы Мысырда дүниеге келген палестиналық шейх Тахуддин Наббахани.

Бұл партияның көздеген басты мақсаты – мұсылмандар арасында идеологиялық жұмысты жан-жақты жандандыру арқылы мұсылман үмметінің, қажет десе өзге діннің жақтастарының сана-сезімдеріне төңкеріс жасау және сол арқылы саяси билікке қол жеткізу.



БҰЛ ҰЙЫМ КҮРЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҮШ ТАҒАНЫ МЫНАУ:

1. Идеологиялық күрес;
2. Идеологиялық төңкеріс;
3. Үкіметті қолға алу.




Зияндары:



Мемлекет билігін құлатып, билікке қол жеткізу.



Қазақтың тарихын мойындамайды.



Мазһабтарды мойындамайды. Ата-бабамыз ұстанып келе жатқан имам Ағзам мазһабын бидағат санайды.



Мүшелері бірін-бірі тек лақап атпен ғана атап, шын болмысын жасырады.



Салт-дәстүрдің барлығын дінге енгізілген жаңалық деп санайды.

Өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін әрі әлемдегі толып жатқан оқиғаларға байланысты өз қарастарын насихаттау үшін 1988 жылдан бастап ай сайын «**ӘЛ-Ваъй**» (**Сана-сезім**) атты журнал мен апталық «**ӘЛ-Хадара**» («Өркениет») газетін түрлі тілдерде мол таралыммен шығарып тұрады.



«ХИЗБ-УТ ТАХРИР»



2005 жылғы 28 наурызда Астана қаласы сотының
шешімімен Қазақстан аймағында «Хизб-ут-Тахрир»
ұйымының қызметіне тыйым салынды.




ТЕРІС АҒЫМҒА КІРГЕН ЖАҒДАЙДА

Ұлттық
болмысынан
айыру



Өзінің мал мүлкін
сол ұйымға беру

Адамды
психологиялық
тұрғыдан айыру



Өз-өзіне қол жұмсау

Сананың улануы




Білім алудан бас
тарту

Отанына қарсы
шығу



Топтың белгілі бір
көшбасшысына
тәуелді болу


Отбасынан бас
тарту



Заң алдында
жауапкершілікке
тартылу

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТЕРІС АҒЫМДАРҒА ТҮСПЕУ ҮШІН АТА – АНА ҚОЛДАНАТЫН ШАРА

- Балаңыздың үнемі бақылауда болуы, яғни:
 - мектептен немесе жоғарғы оқу орындарынан тыс кезде бос уақытын қайда және кімдермен өткізеді
 - ұялы телефондарына қандай адамдар хабарласып тұрады
 - қандай әдебиеттер оқиды
 - қасындағы достары және немен айналысатыны туралы хабардар болу
 - ғаламторда қандай желіде отыр




- ❖ балаңыздың қоғамға деген көзқарасының өзгеруін бақылау
- ❖ ата-атаның жас буынға дін, имандылық, отан жайлы тақырыптарда әңгіме қозғау



Олардың атаулары әртүрлі, психика мен сананы өзгертетін технологиясы да әртүрлі, бірақ нәтижесі бір – **толық өзіне бағындыру, ақша және билікке жетуге ұмтылу.**





Теріс ағымдарға қарсы тұру үшін жеке тұлғаның құқықтық және діни сауаты маңызды рөл атқарады

ДІНИ ТЕРІС АҒЫМДАРДЫҢ ЫҚПАЛЫНА ТҮСПЕУ ҮШІН АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

- Дін істері басқармасының сайты «**E-islam.kz**»
- **Facebook.com** --- Stop Sekta, Религиоведы Казахстана, Дін және Қоғам
- **Vk.com** --- Stop sekta
- Телефон арқылы «**Қауырт желі - 114**»
- Діни әдебиеттерге қатысты «Дін мен дәстүр», «Дін мен діл», «Мәзһабтар тарихы» т.б.
- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сараптау комиссиясы мақұлдаған әдебиеттер.
- Мешіттің имамдарынан діни ақпарат алу
- Мешіттердің сайты “**muftyat.kz**”, “**muslim.kz**”, “**azan.kz**”